

## «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы

### Акционерінің шешімі

Алматы қ.

№ 15

2020 жылғы « 29 » мамыр

### «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жалғыз Акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 1 шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысының 44-тармағы екінші бөлігінің 10) және 11) тармақшаларына сәйкес «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктерді беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 19 бұйрығының негізінде іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетов арқылы Акционер **ШЕШТІ:**

1. Қоғамның «Делойт» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымының аудиторлық қорытындысымен расталған, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамының 2019 жылғы 27 735 140 380 теңге 05 тиын (жиырма жеті миллиард жеті жүз отыз бес миллион бір жүз қырық мың үш жүз сексен теңге 05 тиын) мөлшеріндегі таза кірісі (индексі A25D6H8, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 136-үй, БСН: 170940012405, БЕК: 15, БСК: NBRKKZKX, ЖСК: KZ70125KZT1002313687) Қоғам Акционеріне дивиденд төлеуге жіберілсін.

3. Бір акция үшін 73 теңге 41 тиын (жетпіс үш теңге 41 тиын) сомасындағы есеппен дивиденд мөлшері бекітілсін.

4. 2020 жылғы 1 маусым Қоғам Акционеріне дивиденд төлеуді бастау күні деп айқындалсын.

5. Қоғам жай акциялар бойынша дивидендті Қоғам акционерінің банктік шотына осы шешімнің 4-тармағында айқындалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қолма-қол ақшасыз аударым арқылы ақшалай нысанда төлеуді жүргізісін.

6. Мыналар:

1) «Делойт» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымының Қоғамға 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға жүргізілген аудитінің қорытындысы бойынша есебі;

2) Акционердің 2019 жылы Қоғамның және оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне өтініштері болмағаны туралы ақпарат;

3) Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы мөлшері мен құрамы туралы ақпараты мәлімет үшін қабылдансын.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде осы шешімді іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

8. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі  
Төрағасының орынбасары**



**А. Баймағамбетов**

## Решение Акционера

### акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»

г. Алматы

№ 15

« 29 » мая 2020 г.

### «О некоторых вопросах деятельности акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»

В соответствии с пунктом 2 статьи 35, подпунктами 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктами 10) и 11) части второй пункта 44 Устава акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» (далее – Общество), утвержденного решением Единственного Акционера Общества от 22 августа 2017 года №1, Акционер в лице заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Баймагамбетова А.М., действующего на основании приказа Председателя Национального Банка Республики Казахстан от 21 января 2020 года № 19 «О делегировании полномочий по правам акционера», **РЕШИЛ:**

1. Утвердить годовую финансовую отчетность Общества за год, закончившийся 31 декабря 2019 года, подтвержденную аудиторским заключением независимой аудиторской организации ТОО «Делойт».

2. Направить чистый доход Общества (индекс A25D6H8, г. Алматы, Медеуский район, проспект Достык, д.136, БИН: 170940012405, КБЕ: 15, БИК: NBRKKZKX, ИИК: KZ70125KZT1002313687) за 2019 год в размере 27 735 140 380 тенге 05 тиын (двадцать семь миллиардов семьсот тридцать пять миллионов сто сорок тысяч триста восемьдесят тенге 05 тиын) на выплату дивидендов Акционеру Общества.

3. Утвердить размер дивиденда в расчете за одну простую акцию в сумме 73 тенге 41 тиын (семьдесят три тенге 41 тиын).

4. Определить 1 июня 2020 года датой начала выплаты дивидендов Акционеру Общества.

5. Обществу произвести выплату дивидендов по простым акциям в денежной форме путем безналичного перечисления на банковский счет Акционера Общества в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты, определенной в пункте 4 настоящего решения.

6. Принять к сведению:

1) отчет независимой аудиторской организации ТОО «Делойт» по итогам проведенного аудита Общества за год, закончившийся 31 декабря 2019 года;

2) информацию об отсутствии в 2019 году обращений Акционера на действия Общества и его должностных лиц;

3) информацию Председателя Совета директоров Общества о размере и составе вознаграждения членов Совета Директоров и Правления Общества по итогам 2019 года.

7. Обществу в установленном законодательством Республики Казахстан порядке и сроки принять меры, необходимые для реализации настоящего решения.

8. Настоящее решение вступает в силу со дня его подписания.

**Заместитель Председателя  
Национального Банка  
Республики Казахстан**



**А. Баймагамбетов**